

Назаров Н.А. *

саясаттану ғылымдарының докторы, философия ғылымдарының докторы, профессор
Ташкент сәулет-құрылыс институты, Ташкент, Озбекистан.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТАРИХИ ПАРАЛЕЛЛИКДЕР

Автор корреспондент: nasrid@mail.ru

Түйін: Бұл мақалада түркі халықтарының өзара байланысы талданады. Түркі халықтарының этникалық қалыптасуындағы тарихи параллельдер зерттеліп, ұқсастықтар зерттеледі. Дашти Қыпшақ озбектері ретінде лақайлар түрік этномәдени және тарихи компоненттерін біріктіріп келе жатқандығы зерттеледі. Лақайлар құрамындағы этнонимдер өзбектер, қазақтар және қырғыздарман бір түр екендігі түрік ұлттарының тамыры бір екенінін, түркі халықтарының генеалогиясының ұқсастығын растайды. Фольклорлық үлгілер түркі тілдес халықтар арасындағы өзара байланысқа куә болады. Ел азаттығы жолында лақайлардың Ибрагимбек басшылығындағы көтерілісі зерттеледі.

Кілт сөздер: Негізгі сөздер: түркі халықтар, лақайлар, түрік бірлігі, өзбек, қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ, мәдениет, фольклор, диалект.

Қазіргі таңда түркі халықтарының өз-өзін тану жағдайында өзара туыстық мәселелерін талдау өте маңызды тақырыптардан болып табылады. Түркі суперэтнотының бір ғана тамырдан басталатындығын тарихи деректер мойындағанын ескерсек біздің алға тартып отырған тақырыптың өзектілігі өздігінен байқалады. Әсіресе қыпшақ даласында қалыптасып шаруашылық халық ретінде Орта Азия аймағында таралған халық өзінің этникалық негіздерін түсінуі аса маңызды. Бұл жағдай тарихи тұрғыдан бауырлас түркі халықтарының құрмет және сыйластықпен өмір сүруін қамтамасыз ететіндігіне еш күмән жоқ.

Түркі тілді халықтардың жақындық-бірлігін қамтамасыз ету бүгінгі күнгі елеулі мәселелердің бірі ретінде әлеуметтік-экономикалық өмірде маңызды орын алады, ал этногенез және этникалық қалыптасу мәселелері дәстүрлі туыс қандастығының бүгінгі күндегі дамуына да қызмет етеді. Өйткені, этногенетикалық тұтастықты насихаттау, осындай жақындық-бірлікке ерекше көңіл бөлу елдің тарихи сана-сезімін көтеріп, қалыптасу барысы бірдей болған ұлттар арасындағы дұрыс қарым-қатынасты дамытады.

Жұртқа мәлім, түркі халықтарына тән пассионар болушылыққа, яғни игеруге, жасампаздыққа бейімді болған ішкі энергетикалық түйсік Орталық Азия ендіктерін бойлап батыл қадаммен жүруге жағдай жасап келді. Мұндай пассионарлық сипат лақайлардың да Орталық Азия ендіктерін бойлап таралып кетуіне түрткі болды. Тарихтан мәлім, түркі халықтары, негізінен жылқышылыққа байланысты, кең жайлаулар іздеп, ұзақ уақыт бойы өзендер жағасы мен су көздеріне қарай көшу арқылы өмір сүріп, көшпелі және жартылай көшпелі мәдениетті дамытқан болатын.

Тарихи дереккөздердің дәлелінше, Алтайдан Тянь-Шаньға шейін созылып жатқан Орталық Азия аймағы түркілер, монғолдар, тибеттіктер үшін мал бағуға қолайлы аумақ болып есептелген, түркі суперэтнотының қалыптасу барысы да осы Орталық Азия ендіктерімен тікелей байланысты болған. Жұртқа мәлім, түркі халықтары мал өсірушілер ретінде Алтай өлкесінде қалыптасқан болса да, Монғолия арқылы бүкіл Орталық Азияның оңтүстік-шығыс аумағына таралып кетіп, аймақтық өркениеттену (мәдениеттену) барысының басында тұрған. Біз бұл өркениетті «Орталық Азия өркениеті» не «Көшпелілік өркениеті» немесе «Мал шаруашылығы өркениеті» деп атаймыз, әлде атамаймыз ба, олар бәрібір мән-мағына жағынан «Түркілер өркениеті» болғандықтан назар аударуға лайықты. Осындай тұрғыдан қарағанда, өзбек ұлтының құрамында өмір сүретін лақайлардың қазіргі Тәжікстан мен Ауғанстандағы жерлері түркі халықтары үшін, соның ішінде лақайлар үшін де олардың ата-бабаларына тиесілі тарихи аумақ болып есептеледі де, бүкіл түркі

суперэтностының қалыптасуы мен дамуында дәл осы аймақтың өзгеше бір маңызы болған. Сонымен қатар, түркі суперэтносты осы географиялық аймақтың геосаяси және геоәлеуметтік мәнге ие болуында жетекші рөл ойнаған.

Ғылыми қауымдастыққа мәлім, өзбек ұлтының құрамындағы лақайлардың негізгі этникалық тобы Орталық Азия ендіктерімен байланысты. Бұл ендіктердің ерекшелігі сол, олар Қыпшақ даласының солтүстік-шығыс бөлігінен басталып, қазіргі Тәжікстанның ортаңғы және батыс аумақтарын қамтиды. Сонымен қатар, лақайлардың Дешті Қыпшақ тұрғындарына тән этнолингвистикалық құрауышты өздерінде іске асыруы, бүгінгі әдеби өзбек, қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ тілдерінің арасында диалект болып сөйлеуі – олар түркі этникалық құрауыштардың көпшілігіне тән лингвистикалық мұраны нақты түрде көрсетіп келеді дегенді дәлелдейді.

Әрине, мұнда әлеуметтік-экономикалық және саяси-әскери факторлардың әсері сезіледі. Егер әлеуметтік-экономикалық фактор болып, малшылар, негізінде жылқышылар болған, өз жылқыларының аяғымен кең жайлауларға ұмтылуға бейімді болған түркі халықтарының осындай бейімділік қасиеті табылса, саяси және әскери факторлар жергілікті халықтың белгілі бір тобына қарағанда XVI ғасырда Шайбанихан тобымен бірге шығысқа қарай жылжуға, ал кейінгі кезеңдерде, атап айтқанда: XVIII ғасырдағы жоңғарлардың Дешті Қыпшақ аумағына жасаған шабуылы нәтижесінде және XIX ғасырдағы Патшалық Ресейдің қазақ және қырғыз жерлеріне жасаған шабуылы салдарынан тағы да Шығысқа қарай жылжуға себеп болды. Осы топтың бір бөлігі жергілікті тіл ерекшеліктері (диалекті), әдет-ғұрыптары, дәстүрі мен менталитеті тұтас болған лақайлардың этникалық құрамына қосылып кетуін қамтамасыз етті. Өйткені, көші-қон процестерін бастан өткеріп отырған топ тіл мен діл ерекшеліктері бірдей болған этникалық бірлікпен бірігуге өте құштар болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, XVIII ғылымның биринчи ярмида Қипчақ даласы жана Жетисууда қалмақлардың басқини қирғизлар, қазақлардың бир тобини Бухара, Ысар, Колапқа кошип кетишиге алип келди. Тили, салт-дастури бир боған бу елллер лақай этноними астида бирлешеди. Қазақ елінде XVII-XVIII ғасырларда жасап, жоңғарлар мен қалмақтардың басқыншылығына қарсы елді біріктірген Қараменде би деген әулие болған. Қазіргі Тәжікстанның астанасы Душанбе қаласынан 20 километр қашықтықта Лақайлар жасайтын үлкен Қараменде, Алматы ауылдарының екі жарым ғасырдан бері бар екені лақайлардың қазақтармен этногенетикалық жақындығын билдиреди.

Кенес окимети орнашқан соң 1927 жил Лақай-тәжік ауданы құрамындағы Қараменде ауылдық кеңесі деп белгіленеді де Қараменде ауылдық кеңесі құрамына Кавки, Жермешіт, Қызылқыстақ, Қорқұдық, Пахрабат, Борбұлақ, Хораз, Қышылы, Күрдексай, Мырзағұлабат, Түйешіабат, Ешме, Шар-шар, Тасбұлақ, Кішімерген, Оразбай, Ақбас, Күнтуабат, Озденабат, Ақсарыабат, Қараменде және Алматы сынды ондаған ауылдар болған. Қазир бу ауылдардың қай бири бар, қай бири жоқ.

Қараменде бидің қабірі Қазақстанның Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында 1992 жылы қайта қалпына келтіріліп, 2012 жылдың сентябрінде Балхаш қаласында үлкен ескерткіштің орнатылғаны осы тарихи тұлғаның халқымыздың тарихий жадыдағы орнын көрсетеді.

Тажикистандағы Қараменди ауыли тұрғындары Қараменде бидің ұрпақтары болып, өз аталарының құрметі үшін өз ауылын сол кісінің атымен атаған. Еки ел байланисиниң тағы бір негізгі жағы лақайдың үлкен руы Есенқожа деп аталады, бүгінгі Шымкент жаңындағы Сайрамда Есенқожа, яғни Қазы Байзабидің кесенесі бар. Бұл кесененің төменгі бөлігінде Көктас деген ауыл жатыр. Лақайлардың Есенқожа руы орнасқан Душанбе қаласынан 10 километр қашықтықта Көктас ауылыда бар. Бұдан тыс Сайрамдағы Көктастан 20 километр қашықтықта Сұлтанрабат деген ауыл бар екен, Душанбедегі Көктастан да осындай қашықтықта Сұлтанабат ауылы бар екені – Сайрамдағы Эсанхожа, Көктас, Сұлтанрабат топонимдериниң лақайдар тарихи минан байланистарини күрсетеди. Лақайдарда жылқишилиқ, кимизшилиқ минан шуғулданип, ақ-

қара отавдар тикиши – қипшақ тилиде сүйлейтин улттар минан тарихи және тағдиринин охсаслиғини билдиреди. Лақайларда қыпшақ диалектінде сөйлескендіктен, олардың қазақ елі ауызекі шығармашылығымен байланысты жері көп. Бел тамырдығ бірлігін білдіріп, алыс емес, үш-төрт ғасыр бұрын лақаймен қазақ бір ел екенін көрсетеді. Түркі ел жылқысының аяғымен ақырын іздеп, Сырдария мен Әмудария аралығында орналасып алғаны сыр емес. Сондықтан ілгеріде, бұдан екі ел бір-бірін бауыр басып, жүрген. Бүгінгі таңда (Шымкентская обл, Ленинский район, Колхоз Энгельс.Уч. Кизил-Сингер. Воразов Мейрманның (60 жасты шал, бұрын Тәжікстанда жасап, 1990 жыл Қазақстанға көшіп келген) айтуынша қазақтармен лақайлар ілгеріден, Совет кезеңінде бүгінгі Тәжікстанда бірге жасап, қыз алып, қыз беріп жүрген. Ол кісінің айтуынша орыстардың 1723 жылғы басқыншылығынан соң Маңғыстау Хоразм Бұхара арқылы Балжуванға барған жүздеген қожалық қазақтарды лақайдан аз ауылдарына қоныстандырған екен. Олардын Қалнияз деген қазақ ақының лақай елінің байлығы туралы, ар-намысы, елінің қазаққа жақындығы туралы былай деген екен.

Барсам сәлем айта бар,

Қалуби минен болисқа.

Биз не қилдиқ, кўзи кок,

Жунгар минен орысқа.

Одан кейин биз келдик,

Балжуван, Колап қонисқа.

Он еки алван дени бар,

Ең майдасын айтайын.

Зығыр менен тары бар.

Сығып тартқан майы бар.

Эр есиктың алдында.

Мыңден орген қойы бар.

Лақай деген ели бар.

Кунде мереке тойы бар.

Қыз-келиншек жыйылып,

Қыйқулап муше шапқандай,

Қара байыр аты бар.

Кейинимнен кеме жунгармен орыс,

Осы Лақайымның Шайқасқандай ойы бар...

Бұлар екі елдің бір-бірінеқолайлы өмір сүргенін, жасағанын көрсетеді.

Лақайлардың қырғыздарға да ұқсастық жақтары көп. Қырғыз фольклорида:

Каптап калмак кирген соң,

Токтоно албай кыргыздар.

Дунуйону чачыптыр –

Ысар менен Колапка

Конторуле качыптыр.

Анжиян, Колап, Ысарға,

Качып барган кыргыздар.

Он тутуну баш кошпой,

Тополону тоз болуп,

Тозуп кетти ошондо.

Ала-Тоонун жерине,

Калмак басып киргенде,

Ала-Тоонун кыргызы –

Ысарға уркуп жсургенде.

*Ысар менен Колапка,
Азып кеткен кыргыздын,
Арқасынан жонойин –
Сыйынайын арбакка
Кантип берем балдарди –
Калдамадай қалмакка...*

Бұл төрт-бес жолды өлеңдер лақай этногенезінде қазақ элементтерімен бір қатарда кыргыз элементтерінің барлығын дәлелдейді.

XVIII ғылымдың екінші жартысынан бастап, Бұхара әмірлігіндегі Гиссар және Балжуан (Колап) бектіктерінің жерінде этномаданий процестер арта барип лақайлар этнотарихий аренада орин егелей бастайди.

XVIII-XIX ғылымлерда аймақтағы лақайлардың абырой-беделі артып, ірі жайлаулар соларға қарасты болып қалады. Олардың асыл тұқымды Лақай жылқылары мен Гиссар қойлары Бухара, Қоқан базарларини егелей бастайди. Бүгінгі күнде де таулы ауыларда мұндағы әйелдер еркектермен бир тур ат чаптиради. Бұл лақайлардың атқа болған қызығушылығын билдиреди. Лақайларда жылқи шаруашылығы осгенлиги сабеп, XX ғасырдың 70 – жыллариға чейин қымыз жетыштирув бар еди. Хрущев саясати жылқиларды қиран кетиргеннен соң қымызди жетиштирувгеда имкан бомади. Лақай фольклорида қимиз турали:

*Шапирда Шадманга бер,
Түрдеги тұртевге бер,*

Возиң ичда маңа бер,

деген создерини откен ғылымнің жетмишинчи жыллари бабалардан ешитер едик. Биз лақайлар Қырғызстан, Қазақстан жериге кесек, «Баш бабамнан қаған қимизим» деп қимизди тойип-тойип ичип, тарихимизди естеймиз.

Лақай ұлысы үлкен төрт руға бөлінеді, бұлар: Есенқожа, Бадырақты, Байрам және Төртуыл.

Бұхара әмірлігінің Гиссар бектігінде жасаған лақайлардың Есенқожа мен Бадырақты рулары XX-ғасырдың 20 жылдарына дейін Гиссар лақайлары деп, ал Балжуан бектігінде жасаған лақайлардың Байрам мен Төртуыл рулары — Балжуан лақайлары (қазіргі Колап лақайлары) деп аталип келеди.

Есенқожа руы — күрдек, нарын, ақсари, отарчы, өзден, түйечі, құлбачче, мырзағұл, алтмыш, мәліш, күнтуу, құлымбет тармақтарына; бадырақты руы — қызылбай, келекей, парча, жүніс, катте мерген, кіші мерген тармақтарына; байрам руы — төртата, шекей, давет, чегене тармақтарына; төртуыл руы — үчуұл, сүйіндік, бұрындық, чал, көсе тармақтарына болинеди. Әрбір тармақ өз орнында этникалық тұрғыдан кіші шежірелерден құралады, олардың жалпы саны 160 тан артады. Лақай урулари негизли кипчак тилинде сойлешувчи турки улттар минан охшаш. Лақайларда туртуул, суюндуқ, бурундуқ, рысай, қабанай, малыш, байназар, серкеч, ұтеш, кунтув, ақсары, сары, мырзағул, озден, қармыш, тентек, азав, досай, парча, жунус, каллер, таңриберген, серке, алтыбай, коңур уруулари қазақ, қырғыз және қарақалпақтермен бир тур.

Революцияға дейін лақайлар өзбек халқының негізги бөліктерінің бірі ретінде Бұхара әмірлігіде белгілі бір орын алып, жоғари мәртебеге жеткен. Олардың негизли қызмет түрі мал шаруашылығы болған. Улақ чабувда олардың даңғы ашып, лақайи жылқылар елдің абиройиға абиройи қoшқан.

Ел фольклорида:

Кишнейди жийрен-қашқа,

Чабади таву ташқа.

Ах, во лақай атиниң –

Теңи жоғ еди ашна, тортликлери Лақай атлариниң шуҳратини билдиреди.

Лақайда:

*Бир кун вомириң боса ат ал,
Еки кун вомириң боса хатин ал,* деген хикметлери ат инсан омириниң негизли киррасиға айналғанини билдиреди.

XX-ғылымниң 20-30 жылдарында лақайлар азаттық қозғалысыға актив қатнашқан. Чиғиш Бухарадағи Ибраһимбек Лақай башчилиғидағи бул азаттық қозғалиши большевиклер таманидан бастирлғаннан соң лақайлар қуғын-сүргін саясатының қурбаниға айналып, *журт елекленип, ел болекленгеннен соң* елдиң бир қисми Амудайрадан кечип Авғанистан отип кеткен боса, бир қисми басмачи аталип қирилип-жойылған.

Ел фольклорида:

*Большевиктер дували,
Жайилип чигар чумали,
Чумалича бомади*

Лақайлардиң вобали. Деп айтилувчи тортликлер откен ғылымниң 30-жиллари лақайлар трагедиясини билдиреди.

Лақайлардың өзгеше бір әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Лақай қыздарының қолынан шыққан тігін мапрамеші, жүк чарығыш, айна-халта, чай халта, табахлав, серпе, боғжама және соларға ұқсас басқа да ұлттық мәдениет үлгілері тек қана Орталық Азияда емес, тек Батыс Еуропадағы да этнографиялық мұражайлардың көркіне көрік қосып отыр. Әсіресе лақайлардың жўрме, бастирма тақиялары этник мәдениеттің өзгеше бір үлгілері болып көзге түседі.

Лақайлардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, бұл халықтың қайталанбас ауыз әдебиеті мен диалекті тұрақты ғылыми изерттеуді талеп қылады. Озбек улти кураминдағи лақайдар минен – қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқир және ноғай тарихий бирлигини изертлев учун – фольклор, лингвистика, антропология, этнография материалларыға кең диққат берувимиз лазим, шунда елдиң асил тарихи келип чиғабереди.

Жалпы алып қарағанда түркі халықтардың бауырлас ел екендігін тарихи және фольклорлық материалдар дәлелдейді. Әсіресе қыпшақ даласында қалыптасып, кейінірек Орта Азия аймағының байтақ даласына кең таралған халықтар, қазіргі таңда өздерін түркі ұлттар мен ұлыстар деп айтқанымен, олардың шежіресіндегі этноним мен антропологиялық ерекшеліктер бұған дәлел болады. Түркі халықтардың мәдениеті мен руханиятына тән жалпы фольклор мен өнер туындылары, сондай-ақ өмір сүрудегі ұқсастықтар осы халықтардың бір екендігін дәлелдейтін негізгі айғақ болып табылады. Сондықтан да қазіргі таңда этнотарихи параллелдік сипаттағы мәселелерді зерделеп оны жұртшылыққа көрсету түркі әлем өкілдерін, әсіресе жас ұрпақты этнотарихи шындықпен таныстыру өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахмедов Қудратулла. (2007). Озод юртнинг обод гўшаси – Фахрободим //Замондошгазетаси. Душанбе, 2007 йил, 26 декабрь, №39(142).- Б. 8-9.
2. Басмачество: социально-политическая сущность. (2004). Ташкент: «Фан», 1984. Сайид Мансур Олимий. Бухоро-Туркистон бешиги. Бухоро. 106 -бет.
3. Иркаев М. История гражданской войны в Таджикистане. (1963). - Душанбе, – 460 стр.
4. Кармышева Б.Х. (1954). Узбеки-локайцы южного Таджикистана. – Сталинабад.
5. Назаров Н.А. (2010).Лақайлар: этнография, лингвистика ва фольклор. – Тошкент: Tamaddun.
6. Саттаров Қыдыралі. (2006). Қазақтың ерлик эпостары. Алматы, «Жазушы». 257-421 бб.

Abstract: This article analyzes the interconnection of Turkish nations. Historical parallels in the ethnic formation of Turkic peoples are studied and similarities are investigated. The Lakays are investigated as a Dashti Kipchaks Uzbeks examined Turkish ethno-historical

and cultural components. The ethnonyms in the structure of Lakays similarly with Uzbeks, Kazakhs and Kyrgyzs. Also confirms the similarities the genealogy of Turkic nations. The folklore samples are testify to the interconnection between Turkish speaking peoples. In the course of the liberation of the country, the rebellion Lakays by Ibrahimbek was investigates.

Key Words: Turkic peoples, Lakays, Turkish unity, Uzbek, Kazakh, Kyrgyz, Nogay, Karakalpak, culture, folklore, dialect.